

Елтаңба өзгермек

Қазақстанның отыз жылдан бері тұрған мемлекеттік гербі, яғни біздің негізгі елтаңбамыз өзгермек. Президент Қ.Тоқаев тікелей жарлыққа парапар нұсқау берді.

Қандай қажеттілік?

Жалпы жұртқа түсініксіз екен. Ньютонның «Бүкіләлемдік тартылыс заңы» да жалпыға ұғынықсыз. Ұғынықсыз ғана емес, көпшілік жұртқа беймәлім. Өзімізге тақап келсек, Абайдың өлеңдерін де көрінген кісі түсіне бермейді. Алайда, Абайды біржола мансұқ қылайық деген ұран естімедік. Ньютонның атындағы әйгілі заңды өзгерту туралы сөз де жоқ.

Біздің елтаңба сауатты, сауатсыз біраз адамға түсініксіз ғана емес, ескіліктің қалдығы, баяғы советтік гербтің көлеңкесі сияқты көрінбек. Өйткені... бітімі шеңберше кейіпті. Советке ешқандай қатысы жоқ қаншама жұрттың осы эллипс, немесе дөңгелекше тағы қаншама елтаңбасы бар... Десе де, ұқсайды. Ең бастысы – жоғарыда, қақ төбеде бес күйрықты жұлдыз тұр...

Ендеше... Америка Құрама Штаттарының мемлекеттік туында... бір емес, елу жұлдыз бар. Ал Түркия жұмхұриятының туында, бір өзі жүзге тартар, қасқайған жалғыз жұлдыз. Американың ала туында жыпырлаған көп көрінбейді, Түріктің қан-қызыл туында және жалғызсырап тұрған жоқ. Тағы қаншама елдің туындағы және қаншама жұлдыз. Ешкім ешқайсын советтік жұлдызбен шендестіріп көрмеген. Анығы – біздің жұлдыз да әлемдік сыпаттағы таңба. Яғни, бастапқы сөзді кейінгі қостаушылар мақұлдап дәйектемек сыныққа сылтау.

Енді, бүгінгі қолданыстағы елтаңбамыздың сын-сыпаты туралы жалпылама сөз алдында, өткенге азғана шегініс.

Қазақ қауымын талықтырған тәуелсіздік – Советтік жыртықшы империя тарап кеткеннен соң, барлық жұрттың артында келгені мағлұм. Біздің азаткер халқымыздың керенау жайбасарлығы емес. Сол бір тұста Қазақ елінің Бірінші басшысы болып отырған Назарбаевтың, кейінде жазылып жүргендей, тартыншақ сақтығы да емес, көпе-көрнеу ұлттық опасыздығының нәтижесі. Тоқтаусыз ыдырап бара жатқан советтік қызыл империяның тым құрса бір бөлігін бұдан әрі ұстап қалу үшін Мыйсыз Мекайыл – қайткенде топас шовинист Горбачевтің өз қолымен отырғызған сателлит резиденті Назарбаевтың саналы түрдегі, күйкі есеп-қисабының нақты көрінісі болатын.

Хош. Түн – түрілмейін десе де, таң атты. Бүткіл қазақ халқы бір жарым ғасыр бойы аңсаған, риясыз тілеген тәуелсіздік енді шет жұрт шылауындағы билеуші агенттің қырсығына қарамастан, жарияға шықты. Де-юре, шартты түрде болса да.

Амал жоқ, Түркия мен Ираннан бастап, Америка Құрама штаттары, бүткіл дүние жүзі таныған жаңа елдің мемлекеттік жаңа құрылымын қалыптаумен қатар, дербестік көрінісі – атаулы рәміздерін де белгілеу шарт еді. Сөйтіп, осы, аса қажетті сыртқы белгілерді айқындау үшін, өрісі кең, білгір саналған ұлт зиялыларының бір тобы тартылған, өкіметтік арнайы комиссия құрылды. Шамасы отызға тарта алпауыт.

Әуелгі кезекте ту мен герб, бұдан соң мемлекеттік гимн жобасы мақұлданып, парламент бекіміне ұсынылуға тиіс екен.

Сонымен, ішінде біз де бар, айқындаушы, тұтас бір топ жұмысқа кірісіп кеттік. Жұмыс болғанда, алғашқы нұсқаларды талқылау және ең тәуірін іріктеу. Бұл – жаппай теңдік, яғни ұл мен құлдың дәрежесі бірдей, ешкімнің сөзін ешкім қаперіне алмайтын, атаулы отыз кісі қырық жаққа тартқан, берекесіз, алақұйын заманның бастауы екен. Бір жарым, әлде екі ай межесінде жеті-сегіз рет жиналды.

Алғашқы күннен бастап-ақ бар шаруа теріске айналған.

Ең алдымен – мемлекеттік ту жобасын қабылдау керек еді. Арғы қазақ ескілігінен және атаулы рәміздер жөнінен біршама хабардар болғандықтан, мен әуелгі бір кезекте нақты ұсыныс түсіріп едім. Тәуелсіздік туы қандай болуы керек? Ең алдымен өң-түсіне келісіп алайық. Содан соң осы ту бетінде бекітілетін рәсім жөніне. Менің ұсынысым – бұрнағы Қазақ ССР-ның туы тым өңді және көрнекі еді, қайткенде бүгінгі тәуелсіз Қазақстанның алғашқы нұсқасы, ең бастысы – елдің меншікті шекара аймағы нақты белгіленген кездегі өз туымыз, әрине, сол қалпында жарамсыз, десе де, кері айналдырсақ, қызылдың орнына – көк, көктің орнына қызыл, әрине, басқаша өлшеммен, қайткенде, біздің еркін байрағымыз – қызыл мен көктің өзара астасуы негізінде қалыптануы ләзім... Бұл сөзге жалпы жұрт өре түрегелді. Қызыл – ол советтік символ, аулақ, десті. Мен: тәуелсіз Түркияның байрағы – түгелдей қызыл, Австрия, Польша, тағы қаншама жұрттың мемлекеттік туы – қызыл аралас, қызыл түс – жалаудың түсін ашады, және ескілікті қазақ туларының бір парасы қызыл түсті болған, дедім. Ешкім қабылдамады. Сонымен, өткен советтік заман қалдығы ретінде қызыл түстен құтылды. Осыған орай, жаңа туымыздың түсі де айқындалмаған.

Бұдан соң, ту бетіндегі таңба туралы айтқан едім. Баяғы Түрік қағанаттары заманында көрініс берген, Алтын Орда тұсында біржола орныққан, Қазақ хандығы дәуірінде одан әрі жалғасқан, әлемге әйгілі Төре-таңба бар. Әрқилы кейіпті, алайда негізі ортақ, басы біріккен үш тармақ. Арыдағы қазақ туы сақталмаған, бірақ Алтын Орда заманындағы тарихи документтерде жаппай көрініс береді, бұдан соңғы қазақ хандарының құлпытастарында қаз-қалпында тұр, біздің мемлекеттік, ең негізгі таңбамыз, содықтан да Төре-таңба аталған, төрелердің, яғни хан тұқымының белгісі емес, ұлттық, яғни ең басты, таңбалардың төресі – Төре-таңба атанған, дедім. Бұрнағы тарихты мойындамайтын, енді түгелдей демократ шыққан жалпы жұрт жаппай қарсы болды, тіпті, Абылай хан әулеті Шота Уәлихановтың өзі мақұлдай алмады, анығы – өз аталарына тартып отыр деген айыптан қорықты. Сонымен, қазақтың арғы

бабалар заманынан келе жатқан, кемі он бес ғасырлық тарихы бар Төре-таңба да мансұқ болды.

Сөз аяғын соза бермейін, Мемлекеттік рәміздердің қым-қуыт талқысы мен қисынсыз қабылы туралы бұдан көп бұрын, арнайы жазсам керек. Түптеп келгенде, әуелгі бір нұсқасы өтпей қалған бүгінгі туымыз парламент талқысында төтесінен қабылданды. Айта кету керек, мына біз қарсы болған, әдеттегіше атаулы комиссия көпшілік дауыспен мақұлдап, ұсынған, түркі-исламдық ай мен қазақы шаңырақ таңбалы нұсқасы да ешқандай сын көтермейтін. Ал ақыр түбі бүгінге жеткен көк байрағымыздың бетінде қаншама шимай – тек Қазақстанның толық картасы ғана кірікпей тұр еді. Оны да кезінде жазғанбыз.

Ал мемлекеттік гимннің жөні басқаша шешілді. Мен атаулы комиссия мүшелігінен бас тартқам. Біз қатыссақ та дәп осылай шешілер еді. Өткендегіден де сорақы жағдай. Қазақстан гимні, жаңаша терминология бойынша әнұран, Үш Жүздің үш өкілінің қатысуымен ғана жазылуға тиіс дейтін сорақы нұсқау түсіпті. Біздің дәмелі ақындарымыз үшеу-үшеуден біріге бастапты. Ақыры не болғаны мағлұм. Төртінші Жүз есебінде әйел заты кірігіп, ең жоғарғы билік тарабынан мақұл тапты. Сөзі де қораш, сүреңсіз. Сол төрт ақынның қайсы болса да, жекелей жазса, бұдан әлдеқайда артық шығар еді. Көп ұзамай, осының өзі жоққа айналды. Жамандығынан ғана емес. Бұл кезде аз-маз жан біткен оппозиция әрбір жиында «Менің Қазақстаным» дейтін әуенді шырқап айтады; соның әсері ме, басқа бір кесел ме, атаулы тойлар мен мерекелі отырыстарда, тағы да осы көрініс. Яғни, дүние теріске ауып бара жатыр екен. Яғни, қатердің алдын алу керек. Сөйтіп, «Менің Қазақстаным» гимнге, кешіріңіз, әнұранға айналып шыға берді. Шынында да ән. Кәдімгі ән. Тартымды, тәп-тәуір. Алайда, ұлттық гимннің сарыны басқаша болса керек-ті.

Сонымен, мемлекеттік ең басты екі рәміз – ту пен гимн, шын мәнісінде өзінің аты мен затына сәйкеспейтін, тым әлсіз, әлсіз болмаса да шалағай шықты. Өзгертсек, ең алдымен осы екеуін жаңарту қажет еді.

Ал ертеңгі күні мүлде теріске айналмақ «елтаңба», яғни мемлекеттік герб – осы үш нысанның ішіндегі озығы болатын. Және нағыз ұлттық сыпаттағы. Және ежелгі тарих пен бүгінгі күн берік жалғастық тапқан.

Қанатты, мүйізді қос арғымақ. Бұл – Көне ғұн, Ежелгі Түрік заманынан келе жатқан, әспетті, рәсімді нысан. Қанатты тұлпар, мүйізді тұлпар. Қадым ғасырлардан тартылған, етене тарих таңбасы және ешкімге ұқсамайтын, таза ұлттық символ.

Енді, қазақтың қазақтығын әйгілейтін, әулие рәмізден бас тартуымыз керек екен!..

Осы орайда, ел астанасы Қара-Өткелдегі Ақ Орда – Президент сарайының ұшар төбесінде бекіген... тағы бір ұлттық белгіміз жоққа айналыпты. Орнында – шаншылып, футбол добы тұр. Тәрізі, доп емес, жер шарының белгісі. Бар әлемді біз ұстап тұр екенбіз. Бастапқы нұсқада жайылған қос қанатының екі шалғайы ішке қайырылған Бүркіт еді ғой. Түрік қағанатына тән рәміз болатын! Күл-Тегін тәжінің маңдайында тұр. Кейінгі бар айырма – барельеф бедеріндегі бүркіттің басы – тұпа-тура емес,

оң жаққа бұрыла біткен. Көрнекілік үшін. Кім де болса, Қазақ тарихының білгірі, және ұлттық санасы жоғары, әлдебір мүсіншінің озғын танымы мен ұтырлы еңбегі. Енді қазіргі күнде Президент сарайы осы, ұлттық сыпаттағы жалғыз белгісінен айрылыпты. Келесі кезекте – ең негізгі таңбамыз – мемлекеттік герб те ұлттық тұрғысынан біржола аулақтамақ.

Қай жағынан алғанда да, қиын демейік, күрделі ахуалда тұрған Қазақ республикасында оңдайтын, түзейтін, жетілдіретін басқадай бір қам-қарекет қалмаған сияқты. Сыпайылап айтқанда, еріккеннің ісі. Сонымен қатар, ұлттық идея, ұлттық таным, ұлттық сыпатымызға өлшеусіз зиян келтіретін қисынсыз жағдаят.

12-13.IV.2024,
Кемер, Түркия